

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАТТАМА

27.12.2021 ж. №3

Шымкент қ.

Іс-шара түрі: Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

Төрайым - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Исабек Б.Қ.

Хатшы Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. Айтбаева А.Е.

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, Исабек Б.Қ.: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде төрт негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №3 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Докторантура және магистратура білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес сапасын арттыру.

Спикер: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры Жылысбаева Аққоңыр Нұрділләқызы

2. Білім беру процесінде дуальді оқыту элементтерін қолдану туралы

Спикер: Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы Д.Т. Бердалиев

3. Кафедра филиалдарының жұмысы жайлы

Спикер: Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы А.Е. Айтбаева

4 2021- жылғы университет бітірушілердің жұмыспен қамтылуын және 2022- жылғы сұранысты талдау

Кәсіптік бағдар және мансап орталығының басшысы Битұрсын Ғалымжан Шәмшідінұлы

5. Әр түрлі мәселелер

5.1 Кешенді емтихан бағдарламасын бекіту

Спикер: Кафедра меңгерушілері

5.2 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

Спикер: Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы А.Е. Айтбаева

1. Докторантура және магистратура білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес сапасын арттыру.

1.ТЫҢДАЛДЫ:

А.Н. Жылысбаева: Магистратура мен бакалаврда оқытылатын ұқсас пәндер

р/с	Магистратура ББ атауы	Оқытылатын пән	Бакалаврда оқытылатын пән
1	7М01403-Музыкалық білім педагогін даярлау	Аспаптық шеберлік	Аспаптық шеберлік (7 семестр)
2	7М01405-Құқық және экономика негіздері	Қолданбалы макроэкономикалық саясат	Қолданбалы макроэкономикалық саясат

	педагогін даярлау		(4 семестр)
3	7M01502-Физика педагогін даярлау	Астрономияны оқыту әдістемесі	Астрономияны оқыту әдістемесі (7 семестр)
4	7M01503-Информатика педагогін даярлау	Интернет заттарына кіріспе	Интернет заттарына кіріспе (7 семестр)
		Машиналық оқытуға кіріспе	Машиналық оқытуға кіріспе (7 семестр)
		Web-платформадағы электрондық оқыту	Web-платформадағы электрондық оқыту (7 семестр)
		Оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын жобалау және әзірлеу	Оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын жобалау (7 семестр)
5	7M01504-Химия педагогін даярлау	Қолданбалы химия негіздері	Қолданбалы химия (7 семестр)
6	7M05101-Биология	Биогеоценология	Биогеоценология (4 семестр)

Докторантура мен магистратура оқытылатын ұқсас пәндер

р/с	Докторантура ББ атауы	Оқытылатын пән	Магистратура оқытылатын пән
1	8D01503-Информатика педагогін даярлау	Білімді ақпараттандыру және оқытудың өзекті мәселелері	Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері
		Білім беру робот техникасын оқытудың өзекті мәселелері (альтернатив пән)	Білім берудегі робототехника негіздері
2	8D01504-Химия педагогін даярлау	Заманауи бейорганикалық химияның әдіснамалық аспектілері	Заманауи бейорганикалық химияның теориялық аспектілері

7M01901-Арнайы педагогика білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері (Сарапшымен түзетуге қайтарылды)

ББ мақсаты - Ғылым және кәсіби қызмет саласындағы Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

1. Білім беру бағдарламасының қазақ тіліндегі мақсаты даярлау бағытына сәйкес келмейді және стилистикалық қателер байқалады.

2. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы кәсіби құзыреттіліктерін көрсететін оқу нәтижелері жеткіліксіз болғандықтан, оқу нәтижелерін қайта қарастыру қажет. Қазақ тіліндегі материалдарда стилистикалық қателердің болуы себепті, қайта қарастыру қажет.

3. Магистратура деңгейіне пәндерді сәйкестендіру қажет Ұсынылған пәндер мен кейбір оқу нәтижелері арасында байланыс жоқ, басқарушылық, ұйымдастырушылық бойынша оқу нәтижелері жеткіліксіз 16, 20 пунктерде берілген пәндер бакалавриат деңгейінде оқылатын пәндер, магистратура деңгейінде ғылыми негіздерін үйренуге бағытталған пәндер болуы тиіс;

Ұсыныстар

1. Докторантура бойынша 8D01101 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы және магистратура бойынша 7M01101 Педагогика және психология, 7M01801 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану маманын даярлау білім беру бағдарламалары (сарапшымен расталып, қабылданған) бойынша Білім беру қызметіне лицензия алу үшін лицензиялық талаптарға сай құжаттарын жіберуді жұмыстарын жандандыру;

Даярлау бағыты бойынша ашуға мүмкіндігіміз бар 8D01402-Дене шынықтыру және спорт педагогін даярлау және 8D01703- Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау білім беру бағдарламаларын дайындап (тізілімге ББ қосу үшін) реестрге енгізу жұмысын жылдамдату;

2. Докторантура және магистратура бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының оқыту нәтижелерін қайта қарастыру, ББ ерекшелігіне қарай оқытылатын пәндерді айқындайтын нәтижелерді және сипаттамаларды жазу.

3. Алыс және жақын шетелдің ЖОО-мен халықаралық байланыстарды жолға қоюды ұйымдастыру;

4. Отандық және әлемдік жетекші университеттермен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ қос дипломды және қосымша білім беру мүмкіндіктерін қарастыру. Алдымен 7M01502-Физика педагогін даярлау, 8D01502-Физика педагогін даярлау білім беру бағдарламаларын қос дипломды жасау;

5. Академиялық ұтқырлықты дамыту шеңберінде білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық қарым қатынас орнату

6. Барлық білім беру бағдарламаларын және сыртқы пікірді (ББ пікірлері толық емес) мерзімінде өткізуді қамтамасыз ету.

1.ШЕШІМ

Баяндама назарға алынсын. Кемшіліктер түзетілсін!

2. Білім беру процесінде дуальді оқыту элементтерін қолдану туралы

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Д.Т. Бердалиев: Білім беру процесінде дуальді оқыту элементтерін қолдану туралы семинар ұйымдастырып, төмендегі берілген мәселелер тақылынды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669 болып тіркелді. Дуальды оқыту элементтерін енгізген ЖОО білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды теориялық оқыту мен өндірістегі практикалық дайындықты үйлестіру негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте пәннің оқу материалының 40%-ына дейін тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржы-экономикалық процестер, психологиялық-педагогикалық процесс және тағы басқа) меңгерілуі тиіс екені көзделген.

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 шілдеде № 11716 болып тіркелді. "Педагогикалық ғылымдар" кадрларды даярлау бағыты үшін дуальді оқыту бойынша мектепке дейінгі тәрбие және оқыту және/немесе бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, дуальді білім беру ұйымдарымен азаматтық заңнамаға сәйкес шарттардың болуы.

Дуальды оқытудың негізгі компоненттері:

1) дуальды оқыту туралы шарт;

2) білім беру ұйымдарымен келісілген дуальды оқытудың оқу жұмыс бағдарламасы;
3) өндірістік оқытуды және кәсіптік практиканы іске асыру үшін жабдықталған орта білім беру ұйымдарындағы оқу орталықтары немесе өндірістік оқытуды іске асыру үшін оқу кабинеттері, зертханалар, шеберханалар болу керек;

4) орта білім беру ұйымдарында өндірістік оқытудың және кәсіптік практиканың білікті тәлімгерлері тағайындалу қажет.

Дуальды оқытуды ұйымдастыру тәртібі

1. Дуальды оқыту дуальды оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.
2. Университетте дуальді оқыту ды жүзеге асыратын пәндер таңдалады.
3. Дуальді оқыту университет бекіткен және орта білім беру ұйымымен келісілген, тиісті жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың нысаны, мазмұны және көлемі тиісті білім беру бағдарламаларының негізінде айқындалады.

5. Университетте дуальды оқыту үшін таңдалған пәндер бойынша оқу материалының 40%-ына дейінін тікелей өндірісте кафедра базасында тәлімгердің, практика жетекшісінің басшылығымен жүзеге асырылады.

6. Оқу процесінің кестесін университет бекітеді және кәсіпорынмен (ұйыммен) келісіледі.

2.ШЕШІМ: Мәлімет есепке алынсын. Дуалды оқытуды ұйымдастыру қолға алынсын.

3. Кафедра филиалдарының жұмысы жайлы

3.ТҮНДАЛДЫ:

Білім беру бағдарламасын бірлесіп жасаған білім беру мекемелерінде кафедра филиалдарының жұмыстары жандануда, кәсіптік сала бойынша мектеп мұғалімдерімен бірлескен семинарлар өткізіліп, білім беру бағдарламалары талқыланып, жаңа пәндер қосылды. Ұсынылып отырған білім беру бағдарламасының құрылымы болашақ мамандардың теориялық білімдерін жетілдіріп, логикалық ойлауын дамытып, кәсіби құзыреттілігі деңгейін жетілдіруге, креативті ойлау қабілетін дамытуға бағдарланған.

Университетте 16 білім беру мекемелерінде кафедра филиалдары ашылған. Оның ішінде 1-бала бақша, 3-интернат, 12-мектеп (гимназия, лицей).

2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ КАФЕДРА ФИЛИАЛДАРЫ

Кафедра филиалдарының базалары:

1. №69 «Еркебұлан» бөбекжай балабақшасы
2. Шымкент қосалқы мектеп-интернаты КМУ
3. №1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназия
4. №23 З.Космедемьянская атындағы мектеп-лицей
5. №24 Ерубасев атындағы мектеп-лицей
6. №65 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия директоры
7. №20 Титов атындағы мектеп-гимназия
8. Ө.А.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ лицей
9. №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты
10. №7 Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицей
11. №29 А.Молдағұлова атындағы ЖОМ
12. №15 Д. И. Менделеев атындағы мектеп-лицей
13. №38 Н.Д. Оңдасынов атындағы, мектеп-гимназиясы
14. №89 мектеп-лицейі
15. №107 Ю.Саремий ат. мектеп-лицей
16. Қазығұрт ауданы №5 Қаппаров атындағы мамандандырылған физика математика бағытындағы мектеп интернаты
17. №75 мектеп-гимназия
18. №80 Ақселеу Сейдимбек атындағы мектеп-лицей

Р/с	Кафедра атауы	Кафедра филиалдары
1	Мектепке дейінгі оқыту және арнай педагогика	1. №69 «Еркебұлан» бөбекжай балабақшасы 2. Шымкент қосалқы мектеп-интернаты КМУ
2	Бастауышта оқыту әдістемесі	1.№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназия 2.№23 З.Космедемьянская атындағы мектеп-лицей
3	Психология	№65 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия
4	Педагогика	№24 С.Ерубаев атындағы мектеп-лицей
5	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі	1.№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназия
6	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	№7 Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицей
7	Музыкалық білім	№65 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия
8	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	№65 Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия №75 мектеп-гимназия
9	Физика	1.Қазығұрт ауданы №5 Қаппаров атындағы мамандандырылған физика математика бағытындағы мектеп интернаты 2. №7 Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицей
10	Информатика	1. Ө.А.Жолдасбеков атындағы № 9 ІТ лицей 2. №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты
11	Математика	1.№80 Ақселеу Сейдимбек атындағы мектеп-лицей 2.№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты
12	Химия	1. №15 Д. И. Менделеев атындағы мектеп-лицей
13	Биология	1.№7 Қ.Сыпатаев атындағы ІТ мектеп-лицей
14	География және құқық негіздері	Білім-инновация ер балаларға арналған №1 лицей-интернаты
15	Қазақ тілі мен әдебиеті	1.№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназия 2.№107 Ю.Саремий ат. мектеп-лицей
16	Орыс тілі мен әдебиеті	1.№1 А.С.Пушкин атындағы мектеп-гимназия 2.№23 З.Космедемьянская атындағы мектеп-лицей
17	Ағылшын тілі	1.№38Н.Д. Ондасынов атындағы мектеп-гимназиясы 2.№89 мектеп-лицейі
18	Әлем тарихы және дінтану	1.№20 Титов атындағы мектеп-гимназия

3.ШЕШІМ:

1. Мәлімет есепке алынсын. Кафедра филиалдарының жұмыстарын жандандырылсын!

4 2021- жылғы университет бітірушілердің жұмыспен қамтылуын және 2022- жылғы сұранысты талдау

4.ТЫҢДАЛДЫ:

2020-2021 оқу жылында ОҚМПУ-дың 33 педагогикалық ББ бойынша жұмыспен қамтылуы жайлы мәліметі

ОҚМПУ-нің 2020-2021 оқу жылында 33 білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер жайлы мәліметі

№	Оқу түрі	Бітірушілер саны	Мемлекеттік тапсырыс бойынша	Ауыл квотасы	Келісім шарт
1	Күндізгі бөлім	751	321	103	327
2	Күндізгі қысқартылған	22	19		3
3	Кешкі бөлім	108			108
4	Қашықтықтан оқыту	26			26
	Жалпы	907/+841 -66	340/+323 -17	103/+98 -5	464/+420 -44
	%-дық көрсеткіш бойынша	93%	95%	95%	90,5%

2020 – 2021 оқу жылында білім алған түлектердің жұмыспен қамтылуы

	Бітіруші саны	Декретті к демалыс тағылар	Шетел азаматтары	Жұмысқа орналасқандар	Пайызы %
Ауыл квота	103	20		57 жұмыс 21 магистратура	5/95%
Грант	340	81	5	179 жұмыс 58 магистратура	17/ 95%
Ақылы	464	127	20	262 жұмыс 11 магистратура	44/ 90,5%
Жалпы	907	228	25	498 жұмыс 90 магистратура 588	66/93%

Сұранысқа ие мамандықтар:

1. «Қазақ-неміс политехникалық колледжі» «Кентау трансформатор зауыты»

Педагогика және психология

Физика

Өзін-өзі тану

Ағылшын тілі

2.«Ақмола облысының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі

Физика

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Орыс тілі мен әдебиеті

Математика

3.«Өскемен қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы»

Орыс тілі мен әдебиеті

Математика

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

4.Көкшетау қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы»

мемлекеттік коммуналдық мекемесі

Ф 4.03-05 Хаттама

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
Педагогика және психология
Математика
Ағылшын тілі
Дизайн

5. Шымкент қаласы Білім басқармасының «№129 Жалпы Орта білім беретін мектебі»

Математика
Физика
Ағылшын

6. Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі

Педагогика және психология
Дизайн
Бейнелеу өнері және сызу

ШЕШІМ: Мәлімет есепке алынсын! Бітірушілердің жұмыспен қамтылуы мамандық бойынша талдау жасалынсын

5. Әр түрлі мәселелер.

5.1 Кешенді емтихан бағдарламасын бекіту

Төрайым: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық саясаты мен Сапа менеджменті жүйесінің құжаттарын басшылыққа алып 18 кафедра кешенді емтихан бағдарламасын бекітуге ұсынып отыр.

ШЕШІМ: Кешенді емтихан бағдарламалары бекітілсін!

5.2 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары

ТЫНДАЛДЫ:

Төрайым: Университет профессор-оқытушыларының оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті. Баспадан шығарылатын оқу және оқу-әдістемелік құралдары кафедрада оқытылатын пәндерге сәйкес болу керек.

СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.: Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Барлық оқу-әдістемелік құралдарға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Университет профессор-оқытушыларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

1. Т.А.Л. Бердыбекованың «Экономика және бизнес» (ағылшын тілінде) атты оқу құралы. 80 бет. Ұсынылып отырған оқу құралы барлық педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары үшін жазылған. Пікір бергендер: М.Ауезов атындағы ОҚУ, «Басқару және бизнес» ЖМ деканың оқу ісі орынбасары - PhD докторы Б.С. Құлбай; ШУ «Бизнес және басқару» кафедрасының доценті, э.ғ.к. К.М. Калыкулов; ОҚМПУ «Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг» бөлімінің басшысы -соц.ғ.к. Тұрлыбекова А.А.

2. А.П.Мыңбаева мен докторант А.Б. Кудасбекованың “Linguistic analysis of literary text” атты оқу құралы 5B011700-Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B012100-Қазақ тілінде оқытпайтын метептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарының 3-4 курс студенттеріне арналған.Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» пәні сабағында,сонымен қатар «Мәтін лингвистикасы», «Морфология», «Семантика» пәндерінде 5 кредит бойынша оқытылады. Көлемі 7 б.т. Пікір бергендер: М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің филология ғылымдарының кандидаты Г.К.Карбозованың және педагогика ғылымдарының кандидаты А.А.Суюбердиева; ОҚМПУ филология ғылымдарының кандидаты Д.Н. Байгутова.

3. Р.Т.Срайлованың «Гармония, музыкалық талдау және өңдеу технологиясы» атты оқу құралы. 88 бет. Бұл оқу құралы - музыка мамандарын сапалы дайындауда оқу барысында устаздың шеберлікті күшейте түседі. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің инновациялық технологиялар институтының директоры, п.ғ.д., профессор Е.Ш.Қозыбаев; М.Әуезов атындағы ОҚУ «Музыкалық білім және көркем еңбек» кафедрасының доценті, п.ғ.к. С.С.Естемесова; ОҚМПУ «Музыкалық білім» кафедрасының Өнертану кандидаты Г.Д.Джоламанова.

4. Б.Л. Шуланбеков «Графика және жобалау әдістемесі» атты оқу құралы. 80 бет. Оқу құралы «Графика және жобалау әдістемесі» пәнінің тақырыптары бойынша құрастырылған. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының аға оқытушы п.ғ.к. М.Ж.Джакипбекова; Орталық Азия Инновациялық университеті өнертану ғ.к., доцент А.Қ.Ниязов; ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.д., профессор Д.А.Кемешев

5. Д.А.Кемешев «Бейнелеу өнері сабығында визуалды өнерін оқыту әдістері» атты оқу құралы. Оқу құралында сурет салу техникалары, бейнелеу өнері түрлері мен жанрлары қамтылған суретшінің еңбектерін анализдеу (талдау) мәселесі қарастырылған. 92 бет. Оқу құралы 6В0140400 – «Көркем еңбек және сызу» ББ оқитын студенттерге арналған. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ «Көркем еңбек және музыкалық білім» кафедрасының п.ғ.к. Т.С.Бүркітбаев; М.Әуезов атындағы ОҚУ ф.ғ.к., доцент Д.С.Болысбаев; ОҚМПУ «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.к., С.Н.Жаңбыршиев.

6. Арыс А.С. Сартбаева Ұ.Қ «Мемлекет және құқық теориясы» оқу құралы. - 120 бет. Пікір бергендер: А.Исмайлұлов -з.ғ.к.,М.Әуезов атындағы ОҚУ; «Құқық және экономика» кафедрасының доценті; А.Тажекова -г.ғ.к., География кафедрасының меңгерушісі; Ғ.Битұрсын - заң ғыл., магистрі аға оқытушы ОҚМПУ «География» кафедрасы

7. Ортаева А.С. Өзін-өзі тануды және өзін-өзі дамытуды педагогикалық қолдау. Оқу-әдістемелік құрал. 102 бет. Пікір бергендер: Әбішова Л.П. - педагогика ғылымдарының кандидаты (ОҚМПУ); Оразымбетова Г.Ш. – философия ғылымдарының кандидаты (ОҚМПУ); Қуатова Ж.Ж. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (ОҚПУ)

8. Тажекова А.Ж., Кожабекова З.Е. „Картография, топография негіздері“ оқу құралы-144 бет. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ, г.ғ.д., профессор Б. Тасболат және п.ғ.к., доцент Р.Н. Кенжебай; ОҚМПУ г.ғ.к. А.Т. Саулембаев және г.ғ.к.З. Мырзалиева.

9. Тажекова А.Ж., Кожабекова З.Е. „Түркістан облысының физикалық географиясы“ электронды оқулық. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ, г.ғ.д., профессор Б. Тасболат және п.ғ.к., доцент Р.Н. Кенжебай; ОҚМПУ г.ғ.к. А.Т. Саулембаев

10. Холманова Зулхумор Турдиевна, Наралиева Шахло Джамаловна Тіл білімі теориясы. Оқу-әдістемелік құрал. Пікір бергендер: **Б.Менглиев** - ф.ғ.д., проф., Әлишер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінің практикалық филология кафедрасының меңгерушісі; **Н.Алметов** - п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; **Р.Қажиақбарова** - PhD, доцент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

11. Холманова Зулхумор Турдиевна, Наралиева Шахло Джамаловна «КОМПЬЮТЕР ЛИНГВИСТИКАСИ». Оқу құралы. Б.Менглиев - ф.ғ.д., проф., Әлишер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінің практикалық филология кафедрасының меңгерушісі; **Н.Алметов** - п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; **Р.Қажиақбарова** - PhD, доцент Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

12. Раъно Сайфуллаева, Хулкар Хамроева, Шахло Наралиева «НУТҚ МАДАНИЯТИ ВА НОТИҚЛИК САНЪАТИ АСОСЛАРИ» Оқу құралы. Пікір бергендер: **Л.Раупова**, ф.ғ.д., проф. Әлишер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Өзбек тілі мен әдебиетін оқыту факультетінің деканы; **Н.Алметов** - п.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті; **Р.Қажиақбарова** - PhD, доцент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

- 13. Ж.А.Масалиеваның «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту білім беру бағдарламалары» оқу құралы.** Пікір бергендер: ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы кафедрасының доценті, п.ғ.к. М.М.Байбекова, №69 «Еркебұлан» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Г.К.Утепбаева; М.Әуезов атындағы ОҚУ доценті п.ғ.к. Г.А.Нуридинова.
- 14. Исманова Р.Ж., Боранбаева А.Р. «ЕБҚБ балаларды жалпы білім беру процесіне қосу» оқу құралы.** Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, п.ғ.д. профессор Г.Ж.Лекерова; ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Ж.А.Масалиева, ОҚМПУ, п.ғ.к., профессор С.С.Дайырбеков.
- 15. Б.Ж.Абуова, А.М.Шатаева «Мектепке дейінгі білім берудің заманауи технологиялары» оқу құралы.** Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, п.ғ.к. доцент, Л.Қ.Жайдақбаева, ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Б.Ш.Баймусаева, ОҚМПУ, Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы б.ғ.к., аға оқытушысы Л.А.Ақынова.
- 16. К.Н.Даркулованың «Коррекционно-логопедическая работа с детьми в дошкольный и предшкольный периоды» Оқу құралы.** Санай Г.Е. — кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой специальной и социальной педагогики Таразского регионального университета им. М.Х.Дулати, г. Тараз; Митюкова Е.А. — магистр педагогики, педагог-исследователь, завуч ОСШ №18 им. Ш.Уалиханова, г.Шымкент.; Амирханова Г.Н.- магистр педагогики, логопед «Центра развития речи «Оркен», г.Шымкент.
- 17. Б.Ж.Баймусаева Мировые и национальные ценности в дошкольном воспитании» Оқу құралы.** Пікір бергендер: ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Абуова Б.Ж.; М.Әуезов атындағы ОҚУ Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Ахметжанова Г.А. ОҚУ техникалық пәндердегі практикалық орыс тілі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Аульбекова Ж.С.
- 18. Ж.А.Масалиева, аға оқытушысы Г.И.Акилбаеваның «Педагогтің кәсіби тұлғалық өзін-өзі дамытуы» оқу құралы.** Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, п.ғ.д. профессор Г.Ж.Лекерова, ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы кафедрасының аға оқытушысы Г.Т.Танабаева, ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к., аға оқытушысы Р.Ж.Исманова.
- 19. Ж.А.Масалиева, ф.ғ.к., аға оқытушы Г.Т.Танабаеваның «Мектепке дейінгі білім сапасын мониторингтеу» оқу құралы.** Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы ОҚУ, Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. У.Б.Ибрагимова, ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы кафедрасының доценті, п.ғ.к. С.А.Турмаханова, ОҚМПУ, ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы кафедрасының доценті, PhD Боранбаева А.Р.
- 20. А.Р.Боранбаева, Р.Ж.Исманова «Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат» атты оқу құралы.** Пікір бергендер: ОҚМПУ, п.ғ.к., профессор С.С.Дайырбеков.; ОҚМПУ, Мектепке дейінгі және арнайы кафедрасы, п.ғ.к. С.А.Турмаханова; М.Әуезов атындағы ОҚУ профессоры, п.ғ.д. Н.Ш.Алметов.
- 21. Әбішева Л.П. Педагогика, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану тарихы.** Оқу-әдістемелік құрал. 94 бет. Пікір бергендер: Қуатова Ж.Ж. - педагогика ғылымдарының кандидаты (ОҚУ); Ахмет Л. - педагогика ғылымдарының кандидаты (ОҚМПУ); Оралбекова Ә.Қ. - PhD, аға оқытушы (ОҚМПУ).
- 22. Әбішева Л.П. Әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру.** Оқу-әдістемелік құрал. 86 бет. Пікір бергендер: Сихимбаева С.М. - биология ғылымдарының кандидаты, доцент (ОҚУ); Қаражігітова К.Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (ОҚМПУ); Ортаева А.С. - PhD, аға оқытушы (ОҚМПУ).
- 23. Керімбаева К.З. Периодтық жүйедегі элементтер химиясы.** Оқу-әдістемелік құрал. 74 бет. Пікір бергендер: Бегжігітова К.А. – т.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ; Битемирова А.Е. – х.ғ.к., доцент ОҚМПУ; Шағраева Б.Б. – х.ғ.к., доцент ОҚМПУ.
- 24. З.Б.Куанышбаева «Педагогикалық технологиялар мен әдістемелер топтамасы» атты оқу әдістемелік құралы.** білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің күнделікті

тәжірибеде, сабақ үрдісінде қолдануға болады. Пікір бергендер: «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБА институтының п.ғ.к. М.Кудайбергенова және П.Абашева, ОҚМПУ-дың «Тарих және педагогика» факультетінің деканы Г.Б.Таутаева.

25. С.С.Тілеуова мен Г.Б. Таутаеваның дайындаған «Инновациялық технологиялар мен қашықтықтан оқытудың әдістемесі» атты оқу құралы. Пікір бергендер: Алматы қаласы, «Ғылыми ақпараттандыру орталығының» директоры, п.ғ.д., профессор А.И. Тажигулова, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБА институтының кафедра меңгерушісі, п.ғ.к. М.Кудайбергенова, және ОҚМПУ-дың «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а., Ш.Ж.Арзымбетова. Оқу құралында берілген теориялық материалдар білім алушылар үшін өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді. Мұнда оқытудың инновациялық технологиялары мен қашықтықтан білім беру әдістемелерінің болашақ жас маман ұстаздардың кәсіби күзінеттілігін қалыптастыруға және білім алушылардың жаңа инновациялық технологиялар мен әдістемелер бойынша ақпараттар алуға және практикалық сабақтарды қолдануға септігін тигізеді.

26. А.Б. Есимованың дайындаған «Социология в схемах и таблицах» атты электрондық оқу құралы. Электрондық оқу құралына ішкі пікірді «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, соц.ғ.к., Э.С.Сатыбекова, сыртқы пікірді Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының профессор м.а., ф.ғ.к.Қ.Б. Кемелбеков және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, ф.ғ.к., аға оқытушы А.Б.Шалдарбекова берген.

27. соц.ғ.к., аға оқытушы Б.Е. Сағындықова мен т.ғ.к., доцент А.Б. Есимованың бірлесе «Әлеуметтану» пәнінен дайындаған электрондық оқу құралы. Электрондық оқу құралына ішкі пікірді «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, соц.ғ.к., Э.С.Сатыбекова, сыртқы пікірді Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының профессор м.а., ф.ғ.к.Қ.Б. Кемелбеков және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, ф.ғ.к., аға оқытушы А.Б.Шалдарбекова берген.

28. Кадирбаева Р.И. «Алгебра және сандар теориясы» Оқу құралы. 180 б. Пікір жазғандар: Мадияров Н. – п.ғ.к., доцент; Сұлтанбек Т. С. – ф.-м.ғ.к., доцент; Абдрахманов К. – ф.-м.ғ.к., доцент. Оқу құралындағы материалдың құрамы мен реттілігі қолданбалы сипатқа бағытталған.

ШЕШІМ:

1. Университет профессор-оқытушыларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

Төрайым

Исабек Б.К.

Хатшы

Айтбаева А.Е.

